

ЕРЕКШЕ ҚАЖЕТТІЛІКТЕРІ БАР БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІ ЖАЙЛЫ ТҰҢҒЫШ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ «БӘЙТЕРЕК» ҚЫСҚАМЕТРАЖДЫ ФИЛЬМДЕР КИНОФЕСТИВАЛІ

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

2022 жылғы желтоқсанның 21-і мен 23-і аралығында Астана қаласында (Қазақстан) ерекше қажеттіліктері бар балалардың өмірі жайлы тұңғыш халықаралық «Бәйтерек» қысқаметражды фильмдерінің кинофестивалі өтеді.

«Бәйтерек» кинофестивалі – ерекше қажеттіліктері бар балалардың өмірін баяндап қана қоймай, елге олардың шексіз мүмкіндіктері мен қызығушылықтарын паш етеді. Қатысушы-фильмдердің мақсаты – қоғамның ерекше қажеттіліктері бар балаларға деген көзқарасын өзгерту, олардың тұлға ретінде маңыздылығын көрсету.

Сондай-ақ, жобаның діттегені – еңбек жолын енді бастап келе жатқан режиссерлер, операторлар мен сценаристерді қолдау, қазақстандық платформа құру, әрі еліміздің болашақ кинематографистерінің кәсіби деңгейін арттыру.

Кинофестиваль аясында қатысушылармен баспасөз мәслихаты, белгілі кинематографистермен шеберлік сыныптары, байқаудағы және байқаудан тыс фильмдердің көрсетілімдері болады. Сонымен қатар, мәдениет саласында еңбегі сіңген қайраткерлер, ғалымдар мен қоғам қайраткерлері дөңгелек үстел барысында баяндама жасайды.

Кинофестивальдің ресми жүлделері:

- * Үздік режиссерлік жұмыс
- * Үздік операторлық жұмыс
- * Үздік сценарий
- * Үздік актёр
- * Үздік актриса
- * «Жаңа көзқарас» номинациясы

Көрермендер ілтипатына бөленгендерге «Көрермен дауысы» жүлдесі беріледі. Сондай-ақ, фестивальдің ресми серіктестері де өз тараптарынан жүлде тағайындай алады.

Кинофестиваль арқасында әр көрермен әлемнің түкпір-түкпіріндегі ерекше қажеттіліктері бар балалардың жан дүниесіне үңіліп, өздеріне жаңа достар тауып, ерекше шабытпен, жарқын үмітпен қайтады деп сенеміз.

Анықтама:

Қазақстаннан, алыс және жақын шетелден ерекше балалар мен жастар жайлы қысқаметражды көркем/деректі ойын фильмдерін түсіретін шығармашылық ұжымдар мен жеке авторлар кинофестивальге өтінім жібере алады. Фестивальге ұзақтығы 5-тен 25 минутқа дейінгі қазақ, орыс және ағылшын тіліндегі жұмыстар қабылданады. Фильмдерді арнайы шақырылған қазақстандық және халықаралық мамандар іріктеп, баға береді. Фестиваль көрсетілімдері 4 күнге жалғасады. Фестиваль қонақтары ерекше қажеттіліктері бар балалардың бізге ұқсамайтын тағдыры мен күнделікті күйбең тіршілігі, достықтары мен махаббатын баяндайтын ойын, деректі, анимациялық кинотаспалар тамашалайды. Байқаудан тыс бағдарламада ұсынылатын үздік әлемдік кинотуындылар фестивальдің көрігін қыздырады.

«BAITEREK» International Short Film Festival – Қазақстандағы теңдессіз мәдени шара. Бұл – еліміздің жас кинематографистерінің жұмысымен танысу, фестиваль

қатысушыларының шығармашылық шарықтауына бастама, әрі қазақстандық кинодағы жаңа есімдердің танылуы.

Фестиваль ұйымдастырушылары «RedMark» киностудиясы мен «Диалог-Астана» Қоғамдық бірлестігі. Қолдау білдіргендер: Астана қаласы әкімдігі, «Адал ниет Астана» жекеменшік қайырымдылық қоры, «Мама Про» әлеуметтік әлсіз әйелдерді дамыту және қолдау қоры, Астана қаласы бойынша аутизмге шалдыққан балалардың ата-аналарына арналған «Орда» Қоғамдық бірлестігі.

Фестивальге қатысу үшін өтінімдер 15 желтоқсанға дейін (қоса санағанда) қабылданады. Фильмдерді жүктеуге арналған сілтемелерді мына поштаға жіберу керек: redmarkkz@gmail.com.

Фестивальдің ресми тілдері: қазақ, орыс және ағылшын. Фильмдер басқа тілде болса орыс немесе ағылшын субтитрларымен ұсынғандарыңыз жөн.

«Бәйтерек» ХКФ Президенті:

Әлия Әубәкірова

Электронды пошта: redmarkkz@gmail.com

Телефон: +7 7172 484505; +7 77777 45 300

«Бәйтерек» ХКФ Атқарушы директоры:

Талғат Тайшанов

Телефон: +7 775 333 2567

Электронды пошта: talgat-t@mail.ru